

Білім беру бағдарламаларының тізілімі үшін

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01150 «Патологиялық анатомия»
2	ББ түрі (қолданыстағы, жаңа, инновациялық)	қолданыстағы
3	ББ мақсаты	Тәлімгердің бақылауы және қадағалауымен аурудың диагнозын анықтау үшін және өлім себебі туралы мәліметтерді алу үшін тіршілік кезіндегі және өлімнен кейінгі патологиялық-анатомиялық зерттеулерді жүргізу.
4	ББ ерекшеліктері (жоқ, бірлескен, қос дипломды)	Оқу нәтижесінде қалыптасқан құзыреттер «Патологиялық анатомия» мамандығы бойынша кәсіби стандартты енгізуді ескере отырып әзірленген.
5	ЖОО серіктестігі	
6	Оқыту нәтижелері (кемінде 8 ОН)	ОН-1 Жалпыпатологиялық процестердің морфологиялық белгілерін, ағзалар мен жүйелер ауруларының патологиялық өзгерістерін сипаттайды; мәйітті және операциялық-биопсиялық материалды патологиялық-анатомиялық зерттеу принциптерін, патологиялық-анатомиялық диагнозды құру және клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздарды салыстыру принциптерін атай алады. ОН-2 Патологиялық-анатомиялық зерттеу үшін операциялық-биопсиялық, секциялық материалдан алынатын аймақтарды таңдай алады. Сәйкес патологиялық жағдайға немесе ауруға тән макроскопиялық және микроскопиялық өзгерістерді ажырата біледі. Оларды макро- және микроскопиялық сипаттап, түсіндіре алады және мүмкін болатын нәтижелері мен асқынулардың болжамын жасай алады. Бактериологиялық, вирусологиялық және биохимиялық зерттеулер үшін аутопсиялық материалды алады. ОН-3 Ересек адамның, перинаталды кезеңде қайтыс болғандардың, қайтыс болған балалардың (1 жастан 15 жасқа дейін) мәйіттерін патологиялық-анатомиялық ашып-қарауды жүргізеді. Күрделілігі I-II санаттағы операциялық материалдың морфологиялық диагностикасын жүргізе алады. Операциялық және биопсиялық материалдың блокпрепараттарының патологиялық-анатомиялық зерттеуін жүргізеді. Инфекциялық ауру анықталған жағдайда эпидемияға қарсы қажетті шараларды жүргізеді. Қосымша зерттеулер үшін материалды ала алады. ОН-4 Клиникалық деректерді талдай алады; клиникалық деректерді аутопсиялық

		және операциялық-биопсиялық материалды патологиялық-анатомиялық зерттеу нәтижелерімен салыстырады. Ятрогенияның санаты мен себебін бөліп көрсете отырып, ятрогендік патология жағдайларын талдайды. Өлімнің тікелей себебін көрсете отырып патологиялық-анатомиялық диагнозды құрастыруымен зерттеу хаттамасын ресімдейді. Қайтыс болуы туралы және перинаталдық өлім туралы медициналық куәлікті толтырады. Патологиялық-анатомиялық диагнозының құрылымындағы негізгі ауру мен оның асқынуларын, қосарлас ауруларды және өлімнің тікелей себебін түсіндіреді. ОН-5 Клиникалық деректерді, мәйітті сыртқы және ішкі зерттеу, микроскопиялық зерттеу нәтижелерін қорытындылайды; патологиялық-анатомиялық диагнозды және клиникалық-анатомиялық эпикризді тұжырымдайды. Клиникалық-анатомиялық эпикризде танатогенезді түсіндіре алады. Патологиялық-анатомиялық және клиникалық диагноздарды салыстыру арқылы клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың айырмашылықтарының санатын анықтай алады. Операциялық-биопсиялық материалды зерттеу нәтижелері бойынша патогистологиялық қорытындыны тұжырымдайды. ОН-6 Диагнозды растау үшін қосымша морфологиялық зерттеу әдістерін таңдай алады: гистохимиялық, иммуногистохимиялық, цитологиялық және молекулалық-генетикалық. Қосымша зерттеу әдістерінің нәтижелерін бағалай алады. Пациенттің медициналық құжаттарынан үзінділерді бағалайды, пациентті қарап тексеруге және емдеуге қатысқан дәрігер-мамандардан түсініктеме алады. Клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздарды салыстырады; сәйкессіздіктің (ажыраудың) санаты мен себептерін көрсете отырып, клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың сәйкестігін немесе айырмашылығын анықтайды. ОН-7 Сараптамаға жіберілген адамдармен, әріптестермен, сот және құқық қорғау органдарының өкілдерімен қарым-қатынас жасау кезінде коммуникативтік, кеңес-беру, эмпатия және қолдау дағдыларын қолданады. ОН-8 Конференцияларда, семинарларда, вебинарларда кәсіби дайындыққа қатысады; өз бетінше білім алады және команданың басқа мүшелерін оқытады, клиникалық-анатомиялық конференцияларға қатысады; зерттеу және академиялық дағдыларды, жеке және тұлғааралық дағдыларды, уақытты басқару дағдыларды дамыту бойынша және стресске төзімділік бойынша дайындықтан өтеді.
7	Оқыту түрі	күндізгі оқу

8	Оқыту тілі	орысша, қазақша
9	Кредиттер көлемі	140
10	Берілетін академиялық дәреже магистр	Резидентура
11	ББ аккредиттеу (аккредиттеу органының атауы, аккредиттеудің қолданылу мерзімі)	Eurasian Centre for Accreditation and Quality Assurance in Higher Education and Health Care (ECAQA) 21.02.2024-20.02.2027

Пәндер туралы мәліметтер:

№	Пән коды	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Цикл	Компонент	Кредиттер	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)							
							ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
		Бейіндік пәндер		БП	БП	138								
		Міндетті компонент		МК	МК	134								
1	ZhZhP 1301	Жалпы және жеке патология	Патологиялық анатомияның зерттеу әдістері. Ауру мен өлім туралы ілім. Мәйітті ашу демонстрациясы. Адаптация мен регенерация үрдістерінің морфологиясы. Сұйық орта тепе-теңдігінің бұзылуы және қан мен лимфа айналымының бұзылыстары. Зақымдалу морфологиясы (жасуша патологиясы, дистрофия, апоптоз, некроз).	БП	МК	30	+		+			+		

			Қабыну және иммундық-патологиялық үрдістер. Ауру туралы ілім. Диагноз туралы ілім. Диагноздың сәйкес келмеуінің категориялары. Әр түрлі ауруларға сай патологиялық анатомиялық диагнозды құрастыру ережелері. Емдеудің кері әсері (ятрогения мен дәрігерлік қате). Ағзалар мен жүйелердің инфекциялық патологиясы. Биопсийлық-операциялық материалдың зерттеу принциптері. Трансплантаттың клиникалық патоморфологиясы. «Трансплантат иесіне қарсы» реакцияның клиникалық патоморфологиясы											
2	SGP 1(2)302	Сот-гистологиялық патоморфология	Сот-гистологиялық бөлімшеде сараптамалық зерттеу тәртібі. Мәйіттік өзгерістердің сот-гистологиялық патоморфологиясы.	БП	МК	17	+	+	+	+	+	+		

			Механикалық зақымданулардың сот-гистологиялық патоморфологиясы. Электротравманың сот-гистологиялық патоморфологиясы. Шектен асқан температуралар әсерлерінің сот-гистологиялық патоморфологиясы. Механикалық асфиксияның сот-гистологиялық патоморфологиясы. Гистологиялық ерекшеліктері бар уланулардың сот-гистологиялық патоморфологиясы. Криминалды аборттың сот-гистологиялық патоморфологиясы. Өлгенге дейінгі жарақат алудың және оның мерзімін анықтау барысындағы сот - гистологиялық патоморфология.											
3	НКРС 1303	Хирургиядағы клиникалық патоморфология мен	Бас, мойын аймағындағы хирургиялық патологияның клиникалық	БП	МК	16	+	+	+		+	+	+	+

		цитопатология	патоморфологиясы. Кеуде қабырғасы мен кеуде қуысы ағзаларындағы хирургиялық патологияның клиникалық патоморфологиясы. Іш қуысының жоғарғы қабат (гепатобилиарлы аймақ, көкбауыр) және төменгі қабат ағзаларындағы хирургиялық патологияның клиникалық патоморфологиясы. Іш қуысының жоғарғы қабатындағы қуысты ағзалардың хирургиялық патологиясының клиникалық патоморфологиясы. Ретроперитонеалды кеңістік пен кіші астаудағы ағзалардың хирургиялық патологиясының клиникалық патоморфологиясы.											
4	ТКР 1(2)304	Терапиядағы клиникалық патоморфология	Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Ревматизмдік	БП	МК	14	+	+	+	+	+	+	+	+

			аурулардың клиникалық патоморфологиясы. Өкпе ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Ас қорыту ағзалары ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Бауыр, өт қуығы, өт жолдары ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Эндокриндік жүйе аурулары, ас қорыту бұзылыстарының клиникалық патоморфологиясы. Бүйрек, зәр шығару, қуық ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Қан, қан түзілу және лимфа жүйесі ауруларының клиникалық патоморфологиясы.											
5	AGKPC 2306	Акушерия мен гинекологиядағы клиникалық патоморфология мен цитопатология	Әйел жыныс жүйесі ағзаларының гистофизиологиялық ерекшеліктері. Эндометрийдің функциялық жағдайын гистологиялық диагностикасының	БП	МК	14	+	+	+	+	+	+	+	+

[illegible]

			өлімі клиникалық- морфологиялық талдау.											
6	РКР 1305	Педиатриядағы клиникалық патоморфология	Пренаталды кезең ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Перинаталды кезең ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Балалық кезі ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Балалардың инфекциялық ауруларының клиникалық патоморфологиясы.	БП	МК	13	+	+	+		+	+	+	+
7	ОКРС 2307	Онкологиядағы клиникалық патоморфология мен цитопатология	Ісіктің өсіп-дамуының негізгі сипаттамалары мен ісіктердің морфологиялық, цитопатологиялық диагностикасы мәселелері. Жүрек-тамыр жүйесінің ісіктерінің клиникалық патоморфологиясы. Сүйек, шеміршек жүйесі ісіктерінің клиникалық патоморфологиясы. Өкпе ісіктерінің клиникалық	БП	МК	20	+	+	+	+	+	+	+	+

[illegible]

			патоморфологиясы.											
8	SKP 2308	Стоматологиядағы клиникалық патоморфология	Тістердің қатты тіндері ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Ауыз қуысы ауруларының клиникалық патоморфологиясы. Бас пен мойын патологиясының клиникалық патоморфологиясы. Сепсис. Ауыз қуысындағы ісік тәріздес өсімділердің клиникалық патоморфологиясы. Орофациалдық аймақ пен мойындағы сүйетер және жұмсақ тіндер ісіктерінің клиникалық патоморфологиясы.	БП	МК	10	+	+	+	+	+	+	+	+
		Таңдау бойынша компонент		БП	ТК	4								
9	MGKEZ КРАО 2309	Медицинадағы ғылыми- клиникалық және эксперименттік зерттеулер құрылымындағы	Медицинадағы ғылыми- клиникалық және эксперименттік зерттеулер құрылымындағы патологиялық анатомияның рөлі мен маңызы. Ғылыми- клиникалық және	БП	ТК	4	+	+	+	+		+	+	+

		патологиялық анатомия	эксперименттік патоморфологиялық зерттеулердің әдістемесі.											
	PAMZG NA 2310	Патологиялық анатомиядағы медициналық зерттеулердің ғылыми негіздері мен әдістемесі	Патологиялық анатомия саласында қолданылатын ғылыми әдістер мен әдістемелер; ғылыми деректерді жинау және талдау әдістерінің негізгі принциптері және оларды медициналық зерттеулерде қолдану.											

Патологиялық анатомия кафедрасының меңгерушісі _____Манекенова К.Б.

Шығ. № ____ « ____ » _____ 2024ж.